

**8D10110– «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған докторант
Байболова Молдир Канатовнаның «Жүрекке ашық отадан кейінгі
науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы
жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесшінің
ШҚІРІ**

М.К.Байболованың «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» диссертациялық жұмысы жоғары өзектілікке ие. Қазақстанда жүрек-қанайналым жүйесінің өлім-жітімін төмендету денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болғандықтан, зерттеу тақырыбы қазіргі клиникалық медицинада аса маңызды мәселелердің бірін қамтиды. Жүрекке ашық ота жасалғаннан кейінгі кезеңде науқастардың жағдайын оңалту әдістерін жетілдіру – өмір сүру сапасын жақсарту мен мүгедектіктің алдын алу үшін қажет. Бұл зерттеу жұмысы Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінің басым бағыттарына сәйкес келеді және практикалық маңызы зор. Күрделі кардиохирургиялық араласудан кейін науқастардың организмы күрделі және әртүрлі салдарларға ұшырайды. Сол себепті жүректі оңалту бағдарламасының тиімділігін зерттеу және әсерін бағалау негізгі міндеті болып табылады.

Диссертациялық жұмыста дәлелді медицинаның заманауи қағидаттары негізге алынған. Зерттеу әдістемесі халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілген. Ашық жүрек отасынан кейінгі науқастардың жағдайы кешенді түрде бағаланып, функционалдық сынақтар, клиникалық көрсеткіштер, сауалнамалар мен психоэмоционалдық тесттер қолданылды. Жаттығулардың әдістемелік аспектілері ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, олардың дозалану принциптері, сатылы орындалуы, қарқындылығы мен ұзақтығы анықталған. Мұның барлығы бағдарламаның ғылыми негізділігін арттырады.

Зерттеу барысында ашық жүрек отасынан кейінгі науқастарға арналған жүйелі оңалту бағдарламасы ұсынылды. Бұл бағдарлама жаттығулардың арнайы кешенін, тыныс алу жаттығуларын, жүрек бұлшықетін біртіндеп жүктеуді қамтиды.

Докторант бағдарламаның тиімділігін дәлелдейтін нақты нәтижелер алды: науқастардың физикалық төзімділігі айтарлықтай артқаны; кардиореспираторлық көрсеткіштердің жақсарғаны; психоэмоционалдық жағдайдың тұрақталғаны; өмір сапасының көтерілгені; операциядан кейінгі асқынулардың төмендегені байқалды. Бұл нәтижелер статистикалық талдаумен расталып, ғылыми тұрғыдан негізделген.

Диссертацияның құрылымы талаптарға сай: кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістері, нәтижелер мен олардың талдауы, қорытынды және ұсыныстардан тұрады. Әр бөлім логикалық тұрғыдан байланысқан,

мазмұндық тұтастығы сақталған. Әдеби шолу бөлімінде отандық және шетелдік деректер кеңінен қарастырылып, өзекті мәселелер нақты анықталған. Нәтижелер бөлімі жүйелі түрде баяндалған, графиктер, кестелер мен диаграммалар түрінде көрнекі ұсынылған.

Байболова М.К. диссертация тақырыбына қатысты әдеби деректерді өзі жинап, талдап, зерттеу бағдарламасын әзірледі. Клиникалық материалдарды жинау, науқастарға оңалту бағдарламасын енгізу және оның нәтижелерін өңдеу жұмыстарын дербес орындады. Сонымен қатар, статистикалық талдауды өзі жүргізіп, қорытындыларды жасады. Бұл оның ғылыми жұмыстағы жеке үлесін айқын көрсетеді. Докторант өзін жауапкершілігі жоғары, еңбекқор, ғылыми ізденіске бейім жас ғалым ретінде көрсетті. Ол клиникалық деректерді талдауда, эксперимент жүргізуде, заманауи әдістерді меңгеруде жоғары кәсіби құзыреттілігін байқатты. Зерттеу барысында ғылыми этика талаптарын қатаң сақтап, барлық нәтижелерді сенімді әрі шынайы ұсынды. Оның зерттеушілік қабілеті мен жинақтаған тәжірибесі болашақта дербес ғалым ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жалпы, диссертациялық жұмыс мазмұны бойынша толыққанды, ғылыми тұрғыдан жаңалығы бар және практикалық маңызы зор. Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасының клиникалық тәжірибесінде қолдануға ұсынылуға лайық. Осыған байланысты PhD докторант Байболова Молдир Канатовнаға «8D10110 – Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,

философия докторы (PhD)



Б.А. Болатбеков

Қолтаңбаны растаймын

Кадр маманы

Сайду М.А. Сайдушаев